



## ЗАМАНАЛЫ ЖУРНАЛИСТ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

**Заманалы журналист қандай болу керек? БАҚ тағы кәсіби мамандардың деңгейі қандай? Олар бүгінгі таңда интернет технологияларды қаншалықты меңгерген? Жаңа медиа құралдарын үйрену журналистке не бермек? Осы және журналистік білім берудің өзге де өзекті мәселелері жуырда ЕЫҚҰ-ның Астанадағы орталығының қаржылық қолдауымен, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросы, «Мінбер» қоғамдық қорының және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетімен бірлесе өткен «Журналистік білім беруді дамыту жолдары: жаңа медианың мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстелде кеңінен сөз болды. Талқылауға баспасөз, телевидение, радио, онлайн журналистиканың кәсіби мамандары, БАҚ саласындағы үкіметтік емес ұйым өкілдері және республикалық ЖОО оқытушылары қатысты.**

Жиынды журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Өмірхан Әбдиманұлы ашты. Ол қазақ журналистикасының қасиетті шаңырағындағы журналистік білім беру үрдісіне тоқтала отырып, оны заман талабына сай жетілдіру мәселесін көтерді. Осы орайда ЮНЕСКО-ның Алматыдағы кластерлік бюросының ақпарат және коммуникация жөніндегі бағдарламалық маманы Сергей Карпов әлемдік тәжірибені алға тартты. «ЮНЕСКО білім беру бағдарламалары озық тәжірибені басшылыққа алады. Оның ішінде демократия, диалог пен дамуға негіз болатын БАҚ жүйесі үшін де кәсіби журналистік стандарттың

маңызы зор екені анық. ЮНЕСКО-ның 2007 жылы дайындалған бірегей білім беру бағдарламалары моделін тірек еткен болатын», – деді ол. Ал 2013 жылы «Журналистика бойынша оқу бағдарламасының моделі: жаңа оқу бағдарламалар жиынтығы» жарыққа шықты. Оған журналистика бойынша арнайы мамандандырылған 10 жаңа оқу бағдарламасы енген. Сергей Карпов 2012 жылы ЮНЕСКО-ның ұйымдастыруымен өткен Алма-Ата+20 конференциясының қорытындысына сүйене отырып, еліміздегі жоғары білім беру жүйесіндегі қиындықтарға тоқталды.

Жалғасы 2-бетте



## ҚҰДІРЕТТІ ЖЫР ИЕСІ

**Жуырда механика-математика факультетінің үлкен залында Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен ҚазҰУ ұжымы көрнекті ақын, ғалым Назкен Алпамысқызымен кездесті.**

Назкен Алпамысқызы – еліміздің элитасын тәрбиелеп келе жатқан қасиетті қара шаңырақ ҚазҰУ-дың мақтан тұтар түлектерінің бірі. Экономика факультетін тамамдаған белгілі ғалым әрі білікті ұстаз шығармашылығы жыр сүйер қауымға етене таныс. Ақынмен кездесуді жүргізген журналистика факультетінің деканы, ф.ғ.д., профессор Өмірхан Әбдиманұлы: «Поэзияның құдіреті – шыншылдығында. Назкен Алпамысқызы жырларының құндылығы да сонда», – деген пікір білдірді. Терең философия, өмір таным иесінің «Күрделі дейді адамды», «Алма бақ», «Өрлеудің жолы мың тармақ», «Асылдар», «Шөлдеді көзім», «Ақын тағдыры – Мағжанға», т.б. өлеңдерін филология және әдебиеттану, әлем тілдері факультетінің ақынжанды студенттері нақышына келтіре оқыды.

«Біз бала кезден ақын, жазушы сыйлаған азаматпыз. Олардың шығармаларын іздеп жүріп оқитынбыз. Мен Назкен Алпамысқызымен бір топта оқыдым. Оның бірінші ерекшелігі – таланттылығында, екіншіден – еңбекқор, үшіншіден – жеке тұлға ретінде көрінетін», – деген белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Сатыбалдыұлы студенттік жылдардың қызықты сәттерімен бөлісті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## ЖАС ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ЛАУРЕАТ АТАНДЫ

Жақында Қ.И. Сәтпаев атындағы геология ғылымдары институтында «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдинг акционерлік қоғамының құрылғанына 5 жыл толуына орай пленарлық отырыс болды. Отырысты холдингтің төрағасы А.А. Зейнуллин жүргізіп, Қазақстан ұлттық ғылым академиясының бірінші вице-президенті Н.С. Бектұрғанов, Қазақстан Республикасы Парламенті сенатының депутаты С.Н. Нүгербеков, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ректоры Ғ.М. Мұтанов және басқа да ғылыми-зерттеу институттарының директорлары қатысты. «Қазақстан ғылымының жаңғыруы: индустриалдық-инновациялық дамуға ғалымдардың үлесі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция болып, ғалымдар баяндама жасап, жастарға шеберлік сыныбын өткізді.

«Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингінің ғалымдары мен қызметкерлері құрмет және алғыс грамоталарымен марапатталды. Сонымен қатар осы шара аясында аталмыш холдинг магистранттар, докторанттар және жас ғалымдар арасында «Парасатты жас ғалым» атты инновациялық жобаларға байқау жариялаған болатын. Байқауға қатысқан 56 ғылыми жобаның сегізі лауреат атанып, үшеуі жүлделі I, II, III орын дипломдарымен марапатталды, бұл жобалардың иелеріне бағалы сыйлықтар табысталды.

Бір қуаныштысы жүзден жүйрік,

мыңнан тұлпар озған «Парасатты жас ғалым» инновациялық байқауы лауреаттарының ішінде университетіміздің химия және химиялық технология факультеті органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының аға оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты Гүлфайруз Қайралапова бастаған жас ғалымдар тобы және кафедра оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты Ризвангүл Иминова, кафедра маманы, химия магистрі Ақмарал Саршешева осы жеңімпаздар қатарынан табылды.

Жалғасы 2-бетте

## ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Университеттің механика-математика факультетінде ACM ICPC (Association for Computing Machinery International Collegiate Programming Contest) бағдарламалаудан әлем чемпионатының ширек финалы өтті. 2003 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бағдарламалаудан әлем чемпионатының Алматы қаласындағы ұйымдастырушысы болып табылады.



Өткен 2012 жылдан бастап ширек финал Назарбаев Университетімен бірге өткізіліп келеді. Чемпионаттың бірден-бір ерекшелігі қатысушылардың нәтижесін бағалау кезінде адам факторының болмауы, себебі бес сағат бойы бұл жұмысты автоматтандырылған жүйе орындайды. Биылғы чемпионатқа қатысуға Қазақстанның әр облысынан 100-ден астам команда өтініш білдірді. Қатысқан командалар саны – 91.

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

**ВЕКТОР  
ДОСТИЖЕНИЯ  
КАЗАХСТАНСКОЙ МЕЧТЫ**



3-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**«ДИПЛОМАТИЯ БОЛМАСА,  
АДАМЗАТТЫҢ ӨМІР СҮРУІ  
ҚИЫНДАП КЕТЕР ЕДІ»**

5-бет

### БҮГІНГІ САНДА:

**ҚАЗҰУ-ДА  
“ШАЛ” ФИЛЬМІ  
КӨРСЕТІЛДІ**

8-бет



РЕКТОРАТ

## ТҮЛЕК БІЛІМІ САРАПҚА ТҮСПЕК

**Түлектің білім деңгейі – университет қызметінің көрсеткіші. Алдымызда ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізілетін Оқу жетістіктерін сырттай бағалау сынағы түр. Өзге білім ордаларымен салыстырылып, сынға түсетін осы жауапты сәтте жоғары деңгейімізді дәлелдеу керекпіз. Кешегі ректорат мәжілісінде университет басшысы Ғалым Мұтанұлы ұжымға қарата осылай деді.**

Оқу жетістіктерін сырттай бағалаудан өткізу дайындығы туралы тестілеу бөлімінің басшысы Айгүл Ғабдоллақызы хабарлама жасады. Ол барлық факультеттерде белсенді түрде жүргізіліп жатқан жұмыс барысымен таныстырды. Әр факультеттердегі мамандықтар бойынша нәтижелерді ұсына отырып, талдау жасады. Оның айтуынша, факультеттерде ОЖСБ-ға студенттер толықтай қамтылған. Тест қорытындылары да түлек білімінің жоғары деңгейін көрсетуде. «Бүгінгі таңда салыстырмалы түрде экономика және бизнес жоғары мектебі жоғары нәтиже көрсетіп отыр», – деді Айгүл Ғабдоллақызы. ЭЖБЖМ деканы Баян Ермекбаева өз факультетіндегі дайындық үрдісімен бөлісті. Сонымен қатар ол бастысы ОЖСБ-да жақсы нәтиже көрсету екендігін айтып, барша ұжымға табыс

тіледі.

Сондай-ақ күн тәртібіндегі маңызды мәселелер қатарында Бюджеттік саясат және экономикалық жоспарлау басқармасының басшысы Сәния Сейілқызының хабарламасы тыңдалды. Ол университеттің әкімшілік-басқару және қызмет көрсету персоналынан тұратын құрылымдық бөлімшелеріне арналған еңбекке қатысу коэффициенті негізінде ынталандыру еңбекақысын енгізу туралы айтты. ҚазҰУ-дың 2013 жылғы лауазымына байланысты қызметтік еңбекақы мөлшерін мысалға ала отырып, басқарма басшысы ынталандыру еңбекақысының жобасын талқылауға ұсынды.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

Жалғасы. Басы 1 бетте

## ЗАМАНАЛЫ ЖУРНАЛИСТ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Атап өтсек, ғылыми қоғам басымдықтары мен БАҚ индустриясы басымдықтарының шиеленісі; аймақтық университеттерді мамандармен қамту; Болон үдерісі аясында құзыреттілікке негізделген білім беру жүйесіне бейімделу; жоғары білім беру және кәсіби оқытудағы медиаиндустрияның рөлі; оқулықтар және т.б. ресурстар; БАҚ конвергенциясының әсері және студенттік БАҚ тәуелсіздігі. «Нәтижесінде журналистік білім беру бағдарламасының әлеуетін көтеру мақсатында 8 ұсыныс айтылды. Оның ең маңыздысы – ЮНЕСКО-ның «Журналистика бойынша білім беру бағдарламасы моделін» журналистика факультеттеріне және журналистік біліктілікті арттыру курстарына енгізу және қолдану болып табылады», – деген маман ЖОО-лар аталмыш үлгіні басшылыққа ала отырып, халықаралық талаптарға сай өзіндік бірегей үлгісін таңдай алатындығын жеткізді.

«Журналист қоғам үнінің жаршысы болғандықтан, өз білімі мен біліктілігін заман талабына сай үнемі арттырып отыруы шарт», – деді «Мінбер» журналистерді қолдау орталығының жетекшісі Есенгүл Кәпқызы. Ол 2009 жылдан бастап интернет технологияларды журналистерге үйретумен айналысып келе жатқан аталмыш орталықтың қызметі жайлы айтып өтті. «Мінбер» қоғамдық қоры жанындағы жаңа медианы зерттеу тобының жетекшісі Асхат Еркімбаев өз тәжірибесімен бөлісе отырып, ЮНЕСКО моделін талдады. «Алғашқы қиындық, әрине, ағылшын тілін білмеуден басталады. Моделді игеру және одан өз қажетімізді ала білуіміз керек. Біз 2007 жылғы моделге бас қатырып жүргенде ЮНЕСКО биыл уақыт талаптарын ескере отырып, жаңа моделін жария етті», – деді ол. Сондай-ақ осы салада қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығын баса айтқан Асхат Еркімбаев оқытушылар мен журналистер ынтымақтастығы тиімді нәтижеге жеткізбек деп ой түйді.

Оқытушылар мен кәсіби журналистер бас қосқан шарада ф.ғ.д., профессор, ҚазҰУ-дың баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева бүгінгі таңда оқу процесіне жаңа көзқарас қалыптасқандығын атап өтті. Ал, ҚМЭБИ университетінің журналистика және БАҚ кафедрасының меңгерушісі Шолпан Қожамқұлова, философия ғылымдарының кандидаты, ҚМЭБИ университетінің медиа және коммуникация кафедрасының доценті Гүлнәр Асанбаевалар журналистика саласындағы негізгі проблема – ресурстармен қамтамасыз ету жолдарын ұсынды. Сонымен қатар жиын барысында Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газеті бас редакторының орынбасары Мұрат Аяған өңірлік журналистиканың бүгінгі халі мен мәселелеріне тоқталды. Журналистік білім берудегі жаңа медиа тақырыбында «jagsy.kz» сайтының редакторы Өркен Кенжебек өз пікірімен бөлісті. «Журналист – шығармашылық адамы емес, ол машық иесі. Заманауи журналист журналистиканың қай саласында да жұмыс істеуге даяр болуы керек», – деді ол.

«Қазіргі таңда республикамызда журналистика саласы бойынша білім беретін 11 өңірлік кафедра және екі ғана факультет бар, оның біріншісі 80 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультеті және екіншісі Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-де журналистика және саясаттану факультеті. Біздің бүгінгі ұйымдастырып отырған шарамыздың басты мақсаты – еліміздегі журналистік білім беру орталықтары мен тәжірибелі журналистердің және халықаралық ұйымдардың басын қосып, ортақ мәселелерді анықтаумен қатар, оларды шешу жолдарын қарастыру. Осы тұрғыдан алғанда ЕЫҚҰ-ның Астанадағы орталығының қаржылық қолдауымен екінші жылы өтіп отырған бұл шараның маңызы зор», – деп атап көрсетті ҚазҰУ журналистика факультеті деканының ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары Қарлыға Мысаева.

Журналистік білім берудің кешегісі, бүгінгі және келешегін сараптаған қызу пікірталас алаңы екі күндік семинар-тренингке ұласты. «Журналистік білім берудегі мультимедиалық өнім өндірісі» тақырыбын қамтыған семинардың алғашқы күнін Асхат Еркімбаев жүргізсе, тренингтің екінші күнінде педагогика ғылымдарының кандидаты, «WikiVilim» қоғамдық қорының тренері Бақытгүл Салықова жас журналистерді оқу материалдарын ақпараттық технология негізінде дайындауға баулады.

Бұл шараның барысында республикамыздағы журналистік білім беруді жетілдіруге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің қосатын үлесі зор екені айқын байқалды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## КАК СТАТЬ ЛИДЕРОМ?



**В рамках мероприятий по реализации Стратегии «Казakhstan-2050» кафедры гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета, менеджмента и маркетинга ВШЭИБ для студентов, магистрантов и докторантов PhD организовали лидерскую лекцию.**

Встреча с депутатом Мажиліса Парламента РК, Секретарем Комитета по экономической реформе и региональному развитию, членом депутатской фракции ДПК «Ак жол» Меруерт Казбековой прошла на тему: «Формирование лидерских и предпринимательских навыков конкурентоспособной личности».

Лектор поделилась своим жизненным опытом и рассказала о личной профессиональной карьере от студента Алматинского института народного хозяйства до депутата Мажиліса Парламента РК. Выступление депутата было адресовано, прежде всего, студенческой молодежи, которую интересовали вопросы построения успешного бизнеса и формирования для этого необходимых лидерских навыков.

По мнению Меруерт Айтказиевны, лидер – это человек, который должен обладать харизматичностью, желанием в достижении поставленной цели, ответственностью, силой воли, интеллектом, умением общаться с людьми. «Главным качеством лидерства является ответственность за себя, семью, коллектив и, в конечном счете, за страну. Лидер без поддержки других

людей никто. У лидера должны быть единомышленники, которые верят ему, следуют и осуществляют на практике его идеи. Есть лидеры от рождения, а есть люди, которые сформировали свои лидерские качества с жизненным опытом. Если говорить о предпринимательстве, то это талант. Студенческая молодежь, обучающаяся как на государственном гранте, так и на коммерческой основе, не должна быть инертной, необходимо проявлять инициативу и активность в будущей профессиональной деятельности и нести ответственность перед страной», – подчеркнула лектор.

Встреча прошла в форме диалога со слушателями, где аудитория проявила живой интерес и депутату было задано много вопросов различного характера. В завершение лекции участники выразили пожелания чаще проводить подобные встречи, которые положительным образом влияют на формирование профессиональных качеств личности у студенческой молодежи.

**Д.А. КУНАНБАЕВА,**  
д.э.н., и.р.екс.  
**А.А. АБИКЕНОВ,**  
к.ю.н., доцент

Жалғасы. Басы 1 бетте

## ЖАС ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ЛАУРЕАТ АТАНДЫ

ҚазҰУ-дың жас ғалымдары байқауға «Ағынды суларды беттік-активті заттар қалдықтарынан тазартуға арналған полимер-сазды сорбенттер» атты инновациялық жобамен қатысқан болатын. Жоба жетекшісі Гүлфайруз Жұмабайқызы бұл байқау туралы: «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі акционерлік қоғамының өткізген инновациялық байқауы «Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі» демекші жас ғалымдардың еңбектерін бағалауға және қолдауға үлкен негіз болып отыр», – дей келе, ұстаздық еңбек пен ғылыми жұмысты ұштастыра қатар алып жүруге мүмкіншілік берген университет басшылығына және органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасына алғысын да жасырмады. Сондай-ақ ол «Орамал тон болмайды, жол болады» деген мақалды алға тартып жас ғалымдарымыздың бүгінгі жеңісі алдағы уақытта үлкен жеңістерге апаратын баспалдақ сенім білдірді.

**М.Қ. БЕЙСЕБЕКОВ,**  
химия және химиялық технология факультеті органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, х.ғ.д., профессор

Жалғасы. Басы 1 бетте

## ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Бірінші орынды Халықаралық ІТ Университетінің командасы ІІТУ 1 (Кутыбаев М., Чжэн В., Большаков А.) иеленді; екінші орынды Назарбаев Университетінің командасы NU 1 (Канапин Н., Диханов А., Жақсыбай А.) иеленді; үшінші орынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасы Kaz NU 1 (Ковалев Д., Дауталинов А., Бердибеков С.) иеленді. <http://neerc.ifmo.ru/information/standings-kaz.html>

Жартылай финал жарысы 30 қараша – 1 желтоқсан 2013 жылы Санкт-Петербург,

Барнаул, Тбилиси, Ташкент қалаларында болады.

Жарыс АСМ - Association for Computing Machinery қауымдастығы қамқорлығының аясында, IBM компаниясының, 200 млн. АҚШ долларынан астам демеушілігімен өтеді. Өткен жылы Әлем чемпионатында 91 елдің атынан 2300 университеттен 30 мыңға жуық студент қатысты.

**Механика және математика факультеті**

ҚазҰУ-да 15 қарашада ақын, мемлекеттік «Дарын» сыйлығының лауреаты, Жақып Бауыржан Өміржанұлымен кездесу кеші өтеді

**Галым МУТАНОВ,**  
ректор Казахского национального  
университета имени аль-Фараби

Программное выступление Главы государства на внеочередном XV съезде партии «Нұр Отан» стало важнейшим историческим событием в жизни страны. Фактически, оно ознаменовало собой переход к новому этапу развития демократизации казахстанского общества, его социально-экономической и политической системы. Красной нитью через выступление Президента проходит мысль о лидирующей роли партии «Нұр Отан» в достижении приоритетов «Стратегии – 2050». Партии как ведущей политической силе страны предстоит реализация ответственной миссии – обеспечить дальнейший эволюционный путь развития и построения процветающего, конкурентоспособного и социально-ориентированного государства.



# ВЕКТОР ДОСТИЖЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ МЕЧТЫ

С первых дней независимости Казахстан планомерно, шаг за шагом идет к достижению конкретных результатов благодаря стратегическому планированию и взвешенному курсу Первого Президента – Лидера нации Н.Назарбаева. К настоящему времени наша страна досрочно решила основные задачи Стратегии «Казахстан – 2030», продемонстрировав всему миру динамичную картину прогрессивного развития. За годы независимости Казахстан не только обрел статус состоявшегося государства, но и проявил себя как страна со стремительно развивающейся экономикой. Свидетельством этому является вхождение Казахстана в число 50-ти конкурентоспособных стран мира, весомые достижения в международных отношениях, социальной сфере. Сегодня, в условиях новых глобальных вызовов, очень важно не останавливаться на достигнутом и продолжить меры по укреплению и усилению позиций Казахстана. Ключевая роль в этом процессе отведена реализации «Стратегии – 2050», определившей национальную повестку дня на перспективу в условиях жесткой мировой конкуренции. Ее главной целью является создание общества благоденствия на основе сильного государства, развитой экономики и возможностей всеобщего труда.

Проявляя озабоченность о будущем страны, Президент отметил, что «Стратегия – 2050» – это наш великий исторический шанс навсегда быть в семье самых известных наций мира». Для того чтобы он успешно воплотился в реальность, обществу нужно сплотиться на основе единой мировоззренческой платформы. И такая платформа весьма своевременно сформулирована и принята партией в виде новой политической доктрины «Нұр

Отан. Созидая будущее». В ней закреплены важные для государства идеалы, ценности и принципы, которые должны стать ориентиром в деятельности партийцев. Четко определяя систему идейно-мировоззренческих ценностей и ценностных ориентаций, доктрина, по своей сути, формирует основу мировосприятия казахстанцев. Процветание и независимость Казахстана, человек, свобода, общественное согласие и национальное единство, справедливость, верховенство закона, семья и традиции, устремленность в будущее – все эти ценности являются краеугольным камнем фундамента стабильности и процветания нашего государства. Закрепляя их доминирующую роль, доктрина транслирует цементирующие социум ценности на разные уровни проявления – от концептуального до практики, стимулирует к дальнейшему объединению народа вокруг них. Новая доктрина стала идеологической концепцией для реализации «Стратегии – 2050», которая призвана пронизать все структуры общества, затронуть все слои населения страны.

История доказывает, что успех любой политической силы в продвижении к намеченной цели возможен только в результате четко определенных и упорядоченных действий. Президентом обозначены семь программных направлений деятельности партии, которые в своей синергетической совокупности составляют единый вектор общенационального движения к достижению целей «Стратегии – 2050». Фундаментально важным является вопрос о политическом лидерстве партии в мобилизации и консолидации общества вокруг стратегического вектора Главы государства. Увеличение производительности труда, укреп-

ление малого и среднего бизнеса, развитие социальной сферы, формирование духовно-ориентированного общества – все эти процессы получают должное развитие при условии, если будут востребованы способности каждого гражданина страны, если проявится осознанное желание достичь поставленных целей у каждого казахстанца. Как говорил известный классик, «идея становится материальной силой, когда она овладевает массами». Решающая роль в реализации стратегии отводится частной инициативе, энтузиазму, творчеству, корпоративному духу, ответственности масс, и партия должна привести в движение эти внутренние стимулы развития. Большую актуальность в современных условиях приобретает развитие гражданского общества. Его неотъемлемым аспектом выступает усиление активности общественных институтов на основе механизмов самоорганизации и саморегуляции, снижение тенденций социального иждивенства и социального инфантилизма.

Политическое лидерство в современных условиях не может состояться без продвижения партией экономических и социальных инноваций, обеспечения перехода экономики Казахстана на инновационный путь развития. Претендовать на решение стратегической задачи вхождения в тридцатку наиболее развитых стран мира наша страна может при условии наращивания инновационного потенциала экономики. Сегодня различия между развитыми и развивающимися странами только на одну треть зависят от экономики, а на две трети они определяются различием в уровне и качестве образования. Здесь уместно напомнить слова Президента страны о том, что если мы хотим стать развитым конкурентоспособным


государством, то должны сформировать высокообразованную нацию. Ключевое значение в этом процессе приобретают университеты, которые призваны стать субъектами инновационной экономики, то есть экономики, основанной на знаниях. Выполнение этой миссии требует переосмысления роли и места казахстанских университетов в современном обществе, придания им соответствующего новым требованиям статуса.

Для успешного будущего Казахстана важно не только обеспечить подготовку высококвалифицированных и конкурентоспособных кадров, вузы должны готовить настоящих патриотов своей страны. Без настоящего патриотизма, искреннего отношения и любви к своей Родине, желания принести ей пользу трудно говорить о развитии, продвижении вперед. Поэтому патриотическое воспитание в наши дни приобретает принципиальное значение и является ключевым звеном в формировании политического сознания казахстанских граждан.

Патриотизм является фундаментальной основой общенационального единства, которое служит залогом успешного развития страны. Народная мудрость неспроста гласит: «Алпау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» – «Если шестеро будут в раздорах, растеряют последнее. Если четверо вместе, то достигнут даже несбыточных целей». Благодаря доверию, единению нашего многонационального и поликонфессионального народа построен независимый Казахстан, укреплен экономика, достигнуто благополучие граждан страны. Только в настоящем единстве мы сможем достигнуть заветной глобальной цели – стать Мәңгілік Ел.

# МӘЙЕКТІ ОЙ ИЕСІ

ҰЛАҒАТТЫ  
ҰСТАЗ



**Профессор Жақан Жамболұлы Молдабеков бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің философия және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар салаларындағы белгілі тұлға. Жастайынан Ж. Молдабеков қоғам өмірі мен тарихына, оның рухани дамуының философиялық, саяси әлеуметтік мәселелеріне айрықша қызығушылық және ынталық танытты.**

Бүгінгі таңда ол еліміздің ғылыми әлеуеті жоғары зерттеуші ғалымы әрі алдыңғы қатарындағы ұлағатты ұстазы. Сонымен қатар еліміздің философия және басқа да қоғамдық ғылымдары салаларындағы аса ірі көрнекті қайраткері. Көңіл бөлейік деп отырғанымыз, ғалымның қазақ халқының ертеден келе жатқан мәдени мұрасы – шешендік, яғни ойлау, тіл, сөйлеу мәдениеті, т.б. төңірегінде тындырған шығармашылық табыстары. Жақан Жамболұлы шығармаларының өзіне тән шығармашылық айрықша ерекшелігі оның әлеуметтанулық зерделеулері және философиялық ізденістері, халқымыздың ойлау, сөйлеу мәдениетінің ақындық дәстүрімен етене байланыста, үйлестікте қатар өрбітуінде. Оның «Шешендік» оқу құралына 2010 жылы Ы. Алтынсарин атындағы сыйлық берілді. Осы еңбекке бір сілтеме жасауды жөн көрдік: «Шешендік өнер деп отырғанымыз - адамдар қарым-қатынасындағы сөздің, тілдесудің, сөйлесудің, сұхбаттасудың, пікір таластырудың, ой жарыстырудың, сөйлеу мәдениетінің қызметі мен көріністері, шешендік логикасының жүйесі мен қисыны», - дейді автор. «Шешендік өнер - ойлы сөздің, тартымды тілдің, сөйлеу мәдениетінің астары, табалдырығы, тұтқасы».

Ж.Ж. Молдабеков, ең алдымен, ғалым, философ, сонымен қатар ол - жазушы әрі ақын. Ол «Мен де бір қазақпын», «Бір атаның баласы», «Әз ұлыстың ұлдары», «Ой сазы - көңіл назы», «Жаратқан - жансерігім, жанашырым» атты поэтикалық жинақтардың авторы. Авторлық шумақтарда қазақ халқының шешендік өнері өзіндік жалғасын табады.

Ойымызды автордың «Ой сазы-көңіл назы» (2010 ж.) атты қанатты сөздер жинағы аясында өрбітсек. Жинақ мазмұны мен құрылымы адам ұмтылмай, ізденбей, жарыспай, шалыспай жұғыспай шешен бола алмайды деген қағидатқа негізделген. Автор шешендікті біржағы, жеке тұлғалық бастамадағы бағыт, тарландық пен талғампаздық, талант пен тәжірибе көрінісі ретінде біржағы, халқымыздың өмірлік және рухани тәжірибесінен туындайтын тарихи құбылыс ретінде сипаттайды. Жинақ өрнегі халқымыздың шешендік - мәдениетінің заңдылықтары мен дәстүрлеріне сай. Өзіндік идеяларды автор әлемдік ежелгі Грек, Рим (Цицерон) (риториканың), түркілік (Қорқыт, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иасауи, Мұхамед Хайдар Дулати), қазақтық рухани мәдениет пен халқымыздың ғұламалары шығармаларының (Бұқар жырау, Асан Қайғы, Жиренше және қазақ билері-Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би) т.б. шешендік дәстүрлерінің озық үлгілеріне сүйене отырып ашады. Бұл идеяларды құнды біртұтас және іргелі рухани дүниеге айналдыру үшін автор өзінің дүниетанымдық, интеллектуалдық ресурстарын, әлеуметтік-психологиялық парасаттау амал-тәсілдерін көркем тілмен тиімді жеткізе білген.

Автордың қанатты сөздерінде жалпы оқырманға ой тастайтын, ойлануға шақыратын, халқымыздың рухани дәстүрлеріне еліктеуге қызықтыра тартатын логикалық әдіс-амалдар айқын жалғасын табады. «Ойсана түйгенім» деген бөлімде: «Ашық сыр, дәрмен құр»; «Ой терген, сөзге ерем»; «Елім дейтін көңілің, ұлағаттар мейрің» дейтін өтімді ой тізбектері кезігеді. Ал тұлғалық қасиеттерге тән мынадай үйлесімдер: «Адал ниет, бас иетін, Құт әкелер қасиетің», «Ойсыз пенде тозады, Ояу көңіл озады», «Жамандама елінді, шығар төрің, Ластама жерінді, кірер көрің», «Ел дейтін - жамағат, Қазаққа қағанат» - оқырманын адамгершілікке қадір-қасиетке, туралыққа, білімге, ұлағаттылыққа, бірлікке, келісімге, елдікті биік ұстауға, үйлесімге меңзейді.

«Өңделсін өмірім» тарауында «Өмірге ғашық-өзіне ашық»; «Сүйікті жұбанар, сүйгендер қуанар»; «Жаны таза әділдікті қалайды», Жол бастамақ, беделдіге қарайды»; «Тұлғаны қадірлеген әсті озар, Әдепті кісілікке тізгін созар»; «Адал болса бас ниет, Құт әкелер қасиеті»; «Алла деген тәубасын күзетер, Ақ ниет көңіл көзін түзетер», т.б. шежірелік қағидаттар адамдарға тән тектілікті, әдемі ниеттерді, қылықтарды, жан-ар тазалығының мәңгі маңызын ұғындырады. «Тазарсын өңірім» тарауы «Өзіне сор, болады қор»; «Іштен шыққан сұр жылан, Қауіпті де зор ылаң»; «Алдап-арбау - жауыздық, Сатқындыққа тамызық»; «Кемшілік кімде жоқ, Асқынса өзіңе оқ»; «Қиянаттан арылмаған, Озбырлықтан тарылмаған»; «Мансап мадаққа тоймайды, Мақтауын жағымпаз қоймайды», т.б. шежірелік шумақтар қазіргі қоғам өмірінде, адам тіршілігінде, мінез-құлқында және қатынастарында кездесетін адамгершілік деңгейінен төмен осалдық, жағымпаздық қара басын

ойлау, қулық, алдау-арбау тағы да басқа кемшіліктерді, жағымсыз және зиянды қылықтарды нысанаға алып сынайды.

«Куә ғой көңілім» тарауы - «Өктем өреді, қияны көреді»; «Қалғымалық-қолданайық, Ойланайық-оңалайық» бөлімшелерінде әңгіме қазіргі күрделі сан қиындықтар заманында бүгінгі қоғамда, халқымыз және жеке адамдар өмірі мен арасында кездесетін кертартпалық, селқостық, қыңырлық, еріншектік, дәрменсіздік, масылдық, баюға ұмтылу, тойымсыздық, намыссыздық, арсыздық сияқты олқылықтар мен кемшіліктерден арылуды өзектілейді, жақсылыққа ұмтылу қажеттігін алға тартады. Және осы және басқа да қағидаттары 90-жылдардан бері елімізге нарықтық қатынастардың келуі барысында туындаған әлеуметтік қатынастардағы жайлы-жайсыз құбылыстар және оларға қоғамның, оның әртүрлі топтарының қатынасы, көңіл-күйі мен қимыл-әрекеттерінің көріністерін халқымыздың шешендік ойлау дәстүрінің үлгілері мен принциптері аясында пайымдайтын өзіндік сүбелі дүниелер. Мұнда шешендік өнердің мәні, оның адам өміріндегі маңызы мен атқаратын қызметі туралы автордың концептуалдық пайымдаулары баяндалған. Шешендіктің басты шарты өзінді-өзің танудан, өзінді көрсетпек әрекеттен басталады делінеді. Ол - болашағын анық болжап, өзінің барлық күш-қайраты мен тіршілігін соған бағдарлап қарманатын, соған үнемі ұмтылатын нағыз оптимист жан. Оның басты өмірлік принципі: «Байлауы берік ұстаным - Рух түзетер тұстарым» болып табылады. Және іргелі ғылыми ізденістері мен табысты ұстаздық қызметтері үшін президенттік гранттың иегері, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ең үздік оқытушысы иегері деген мәртебемен марапатталды. Ж.Ж. Молдабеков алыс-жақын елімізге көрші елдердің ғылыми орталарында да танымал тұлға. Меніңше, Ж. Молдабеков қазіргі Қазақстанның отандық рухани майданының ұйымдастырушы белді қайраткерлерінің алдыңғы қатарында. Жақан Жамболұлы халқымыздың болмысының мәдени қайнар көздерін зерттеуге барын салып келеді. Бұл ретте ол еліміздің бүгінгі «Қазақтану» мектебінің, қазақтану идеясы мен ілімінің негізін қалаушылардың бірі деп атасақ артық болмайды. Оған оның Әлеуметтік ғылымдар академиясының, Акмеология ғылымдарының халықаралық академиясының, Халық медицинасы академиясының академигі болып сайлануы дәлел. Бүгінгі Ж.Ж. Молдабеков шығармашылық диапазоны шарықтап, ең биік тұғырына жеткен, ғылыми горизонты барынша өріс алып қанат жайған дер кезеңінде. Сізді, біз отандық ғылым мен білім саласында алдыңғы қатарда аянбай табысты еңбек етіп жүрген абзал ұлағатты азамат деп мақтаныш етеміз! 70 жылдық жасыңыз құтты болсын, дегеніңізге жете беріңіз, құрметті Жақан Жамболұлы!

**Абылай ЛУҚПАНОВ,**  
Қаз ҰУ-дың доценті,  
философия ғ. к.

**Жуырда ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінде биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры, б.ғ.к. Дәуітбаева Күләш Әділбайқызының 75 жылдық мерейтойына және 50 жылдық ғылыми-педагогикалық еңбегіне арналған «БИОРЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға ғалымдар, факультет оқытушылары мен студенттер қатысты.**



Салтанатты жиынды факультет деканы, б.ғ.д., профессор Т.М. Шалахметова ашты. Ол Күләш Әділбайқызының факультеттегі орны ерекше екенін айтты. Оқытушылар мен студенттер арасында үлгілі ұстаз, ғалым ғана емес, қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысатындығын атап өтті.

Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор Ә.Т. Қанаев Күләш Әділбайқызының еңбек жолынан мол мағлұмат берді. Сондай-ақ ол ұлағатты ұстаздың еңбекқорлығын айта келіп, әртүрлі емтихандар мен олимпиадалар өткізуге белсене кірісетіні, оқу және білім процесін қатар алып жүретіні туралы айтты. Сонымен қатар жаратылыстану ғылымдарының академигі Н.М. Мухитдинов, б.ғ.д., профессорлар С.Т. Нұртазин, Қ.Ә. Сапаров және кәсіподақ ұйымынан Ж. М. Базарбаевалар мерейтой иесін шын жүректен құттықтап, жыл лебіздерін білдірді.

Күләш Әділбайқызын құттықтауға әріптестері - Ө.Ө. Оспанов атындағы Топырақтану және агрохимия институтының директоры А.С. Сапаров, осы институттың экология зертханасының профессоры, б.ғ.д. Ф.Е. Қозыбаева, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі б.ғ.к., доцент Р.Қ. Жексембиев пен профессор Р. Сәтімбеков, ихтиолог-ғалым Г.М. Дукравец, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аға ғылыми қызметкері А.А. Иващенко, зоология институтынан б.ғ.к. М. А. Чирикова, Микробиология және экология ұжымынан А.М. Баймуканова және Биология мұражайы қызметкері Қ.С. Мұсабеков арнайы келді.

**Гаухар ОРМАНОВА,**  
биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы

**«Жастар Innotion» көрмесінде ҚазҰУ магистранты С. Оразбаев «Интенсивтілігі жоғары энергия қуатын үнемдеуші элетрлік шам» жобасын ұсынды**



**Алтынай БАЙТОҚАЕВА,**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі, Халықаралық Ғылым Академиясының Корреспондент мүшесі, профессор:

## «ДИПЛОМАТИЯ БОЛМАСА, АДАМЗАТТЫҢ ӨМІР СҮРҮІ ҚИЫНДАП КЕТЕР ЕДІ»

**Халықаралық қатынастар деген қандай мамандық?**

Халықаралық қатынастар дегеніміз – мамандықтың аты айтып тұрғандай, дүние жүзінде өмір сүретін халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыстар жүйесі. Қарапайым мағынада халықаралық қатынастар дегеніміз – екі халық арасында қалыптасқан тарихи, саяси, экономикалық байланыстар. Күрделі мағынада халықаралық қатынастар дегеніміз – екі мемлекет арасында қалыптасқан ресми байланыстар. Бұл сала қоғамдық қатынастардың жоғары формасы. Халықаралық қатынастар мамандығы мемлекеттер арасындағы екі жаққа да тиімді қатынастарды дамытып, мәселелерді өз мемлекетінің ұлттық мүддесі тұрғысынан шешуге атсалысатын, жауапкершілігі жоғары қызмет саласы. Халықаралық қатынастар факультеті дипломатия саласында кәсіби мамандар дайындауға арналған. Университетіміздің халықаралық қатынастары факультетін бітіретін мамандар тарихи-саяси пәндермен қатар, екі шет тілін кәсіби түрде үйреніп шығады. Дипломатиялық аударма кафедрасы ағылшын, неміс, француз, испан, итальян, араб, түрік, қытай тілдерін оқытады. Дипломат мемлекеттік тілді, қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білмесе толыққанды маман болмайды, сондықтан қазақ тілін оқытуға ерекше көңіл бөлеміз.

**- Дипломатиялық аударма кафедрасының мақсат-міндеті, жоспарлары, бағыты қандай?**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасы Қазақстан Республикасындағы алдыңғы қатарлы шет тілдерін оқыту орталығы болып табылады. Шет тілдері және қазіргі шығыс тілдері кафедрасының бірігуінен 2011 жылдан бастап дипломатиялық аударма кафедрасы болып қайта құрылып, жемісті еңбек етіп келеді. Бүгінгі таңда кафедрада 30 оқытушы қызмет істейді. Кафедраның негізгі бағыты – ХҚФ-нің «Халықаралық

қатынастар», «Халықаралық құқық», «Аймақтану» және «Әлемдік экономика» мамандықтарының студенттеріне шет тілдерін оқыту. Кафедраның негізгі мақсаты – студенттерге жаңа ақпараттық технологияларды және заманауи оқыту әдістемелерін қолдану арқылы жалпы халықаралық стандарттарға сай шетел тілдерін (ағылшын, неміс, француз, испан, араб, түрік, қытай және жапон) және мемлекеттік тіл - қазақ тілін жоғары сапалы деңгейде оқыту. Студенттердің білімін жоғары кәсіби деңгейге жеткізу үшін кафедра үлкен күш-жігер жұмсауда. Дәрістерде оқытудың ең заманауи әдістері, білім сапасын арттыруға арналған мультимедиялық құралдар қолданылады. Факультетте бүгінгі таңда жаңа, интерактивті оқыту әдістері кеңінен қолданылады. Шет тілдерін жетік меңгерген және шет елде оқуға барынша ынталы студенттер «Болашақ» бағдарламасынан өзге ACCELS, "Muskie" бағдарламалары бойынша білім алуда. Кафедраның жоспарлары шетелдік оқу орындары мен ғылыми зерттеу орталықтарымен байланысты күшейтіп, республика деңгейінде халықаралық қатынастар мамандарын дайындауға өзінің қомақты үлесін қосу.

**- Дипломатиялық аударма дегеніміз не?**

Дипломатиялық аударма дегеніміз – аударма қызметінің ерекше, күрделі түрі. Халықаралық қатынастар мен дипломатия саласында кеңінен кездесетін ресми мәтіндер және құжаттармен жұмыс істей алатын, аударманы дәл және кәсіби жүзеге асыра алатын, дипломатиялық этикетті жетік меңгерген маман ғана дипломатиялық аударма жасай алады. Мәселен, аудармашы ресми хаттама, халықаралық келісімшарт сияқты құжаттарды аударма білуі қажет. Біздің кафедра студенттерге аударманың қыр-сырын үйретеді. Үш (қазақ, орыс, ағылшын) тілде емін-еркін аударма жасай алатын студенттерді дайындап шығару үшін кафедра оқытушылары тер төгуде. Осының нәтижесін Алматы қаласында өтетін әртүрлі халықаралық сайыстарда біздің студенттердің волонтер болуынан көруге болады.

**- Осы сала бойынша елеулі еңбек жазған университетіміздегі белді ұстаздарды атап өтсеңіз?**

Алдымен, шет тілінде дипломатиялық аударманың тәжірибелік әдістемесі бойынша маңызды еңбек жазған доценттер К.К. Смағұлова, Л.М. Котиева, Г.С. Сүлейменова, М.Қ. Мақышева, Ж.Т. Бимағамбетова, Р.Е. Сарбаева, аға оқытушылар З.А.Әбідін, А. Қалиолла, А.Ш. Мұртаза, Л.А. Дүйсеева, З.М. Тоқмұхамедова, М.Н. Нұрғалиева, А. Хұрмет, Г.А. Кәріпбаева, К.М. Есенаманова, Р. М. Рахымбаева, М. Жамбылқызы сияқты ұстаздары атап өтуге болады. Сондай-ақ түрік тілінің ресми-іскерлік стилі туралы күрделі оқу құралын жазған доцент Ж.Б. Момынқұловты, мемлекеттік тілде ресми іс-қағаз жүргізу бойынша елеулі еңбек жазған доцент С.Б. Бөрібаеваны, аға оқытушы Г.У. Ахметалиеваны айтуға болады.

**- Бұл кафедра бойынша студенттер қандай мамандық иесі болып шығады және сіздерден түлеп ұшқан студенттеріңіз жайлы аз-кем тоқталсаңыз.**

Факультетімізді бітірген студенттер халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, әлемдік экономика және аймақтану мамандықтарының бірін тамамдап, өз саласы бойынша білікті, заманға сай, көптілді, жан-жақты болып шығады. Студенттеріміз де, түлектеріміз де жоғары интеллектуалдық деңгейімен, қоғамдық белсенділігімен, жан-жақты білімімен ерекшеленді. Түлектеріміз дипломатиялық және консулдық қызмет, ғылыми сараптама, халықаралық саясат, халықаралық бизнес, халықаралық заң, мемлекеттік қызмет салаларында жемісті жұмыс істеуде. Түлектеріміз шет тілдерінде, әсіресе ағылшын тілінде, әлі орыс, қазақ тілдеріне аударылмаған құнды, қызықты еңбектер мен зерттеулерді емін-еркін оқи алғандықтан, жаңашылдығымен де көзге түседі.

**- Қазақстанның дипломатиялық қатынастары қай деңгейде?**

Қазақстанның атқарып келе жатқан

дипломатиялық қызметі халықаралық деңгейде де жоғары бағаланады. Тәуелсіздік жылдарында еліміздің сыртқы істер министрлігінің дипломаттары көп тәжірибе жинақтады, ысылды, шынықты. Еліміз сыртқы саясатта көпбағытты саясат ұстанғандықтан, көптеген мемлекеттермен екі жақты қатынастар орнатуда. Қазақстанның қазіргі дипломатиясы бірінші кезекте, еліміздің жақсы имиджін қалыптастыру, шетелден инвестиция тарту, бейбітшілік стратегияларын жүргізу, геосаясатта теңгерімділік ережесін қатаң ұстану, ұлттық мүдделерді қорғау мақсатында жұмыс істеуде. Біздің ойымызша, Қазақстан дипломатиясы өз міндетін барынша дұрыс орындауға тырысуда.

**-Кафедраның атқарып жатқан жұмыстарын, жетістіктерін баяндап берсеңіз?**

Кафедра Перу, Испания, Түркия, Франция, Алмания, Ұлыбритания сияқты елдермен тығыз ғылыми-практикалық қарым-қатынас орнатқан. Кафедраға қарасты ағылшын, неміс, француз, испан тілдерінде клубтар жұмыс істейді. Кафедра оқытушылары жыл сайын халықаралық бағдарламалар мен жобалар бойынша шетелдерде ғылыми тәжірибеден өтіп тұрады. Кафедра ғалымдары Түркия сияқты елдердің ғылыми-зерттеу, аналитикалық институттарымен тығыз қатынас жасайды. Кафедра жыл сайын конференция өткізеді. Мысалы, дипломатиялық аударма кафедрасы университеттің 80 жылдығына арнап 2013 жылдың 20 қарашасы күні «Зерттеу университетінің білім беру кеңістігінде мемлекеттік және шет тілдері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция ұйымдастырады.

Сонымен қатар мемлекеттік тілде факультет құрылғаннан бастап жұмыс істеп келе жатқан «Шығыс әлемі» клубын және «Төре би» клубын ерекше атап өтуге болады. Клуб жетекшілері Қазақстан Республикасына танымал тұлғалармен, факультет түлектерімен кездесу өткізуді жоспарлы түрде жүзеге асырып отырады.

Жыл сайын университеттік деңгейде өткізілетін «Студенттік көктем» фестивалінде куратор-эдвайзерлеріміз студенттермен жоғары дәрежеде дайындалып жүлделі орындарды иеленіп отырады.

**- Дипломатиялық қарым-қатынастың жалпы өмірдегі рөлі қандай?**

Дипломатия – мәселелерді қақтығыспен шиеленіске бармай-ақ ақылмен оңай, шығынсыз түрде шешудің тәсілі. Дипломатияның арқасында қақтығысты болдырмай, бейбіт келісімге келуге болады. Дипломатия – өз мүддесін сауатты түрде қорғаудың бір амалы. Дипломатия болмаса, адамзаттың өмір сүруі қиындап кетер еді. Адам қоғамы және ақылды тіршілік иесі болғандықтан мәселелерді ақылымен шешкені жөн. Дипломатиялық қатынас – тұлғаның, яки мемлекеттің жоғары мәдениеттілігінің көрінісі.

**Сұхбатты жүргізген  
Ұлдана ЖИЕНҚҰЛОВА**



**Анна Ахматова, русская поэтесса, творчество которой стало известно уже в начале XX века. Родилась в одесском районе Большой Фонтан в семье потомственного дворянина А. А. Горенко. Своим предком по материнской линии Ахматова считала ордынского хана Ахмата, от имени которого впоследствии и образовала свой псевдоним. С тех пор, по мнению исследователей, наметилась особенность ее личности: спокойная величавость, которую она пронесла через все годы и лишения. Хотя в общении Ахматова держалась со всеми дружелюбно, всякий чувствовал ее «царственность», внушающую особое уважение.**

АХМАТОВА  
АХМАТОВА

Свое первое стихотворение Анна Ахматова опубликовала в 1911 году. Характерными чертами ее творчества можно назвать верность нравственным основам своих жизненных позиций, тонкое понимание психологии чувства, осмысление общенародных трагедий XX века, сопряженное с личными переживаниями, тяготение к классическому стилю поэтического языка. Как и другие поэты ее поколения, А.Ахматова оказалась в положении, когда сочинение стихов ставило под угрозу само ее существование. Начиная с 1922 года, книги Анны Ахматовой подвергались жесткой цензурной правке, а многие ее произведения не были опубликованы не только при жизни автора, но и в течение более чем двух десятилетий после ее смерти.

Обстоятельства личной жизни А.Ахматовой, конечно же, отразились на творчестве поэта. Особенно тяжелым было время, когда все ее самые близкие люди были подвергнуты репрессиям: Николай Гумилев, ее первый муж, был расстрелян. Подвергался арестам и умер в сталинском лагере ее другой муж – Николай Пунин. Сын – Лев Гумилев провел в заключение более 10 лет. А.Ахматова не покинула Россию, несмотря на страшные испытания, которым подвергалась вся творческая элита страны. Она стояла вместе со многими женщинами в огромных очередях у ленинградской тюрьмы, сжимая окоченевшими пальцами передачу для мужа, потом для сына. Анна Ахматова разделила участь своего народа во время двух страшных войн. Читала свои стихи раненым в госпиталях, пережила эвакуацию в Ташкент.

Жизнь и творчество Анны Ахматовой отражает рост ее понимания и самопознания. Мировая слава смогла прийти к Анне Ахматовой лишь в конце ее жизни: в 1964 году она получила престижную литературную премию «Этна-Таормина» в Италии. Через год русская поэтесса была удостоена званием почетного доктора университета в Оксфорде.

Скончалась Анна Ахматова в возрасте 77 лет в подмосковном санатории.



**А.М. АБДИЛДАБЕКОВА,**  
доцент кафедры истории Казахстана

## "РЕКВИЕМ"

"РЕКВИЕМ" – одно из крупнейших произведений Анны Ахматовой – поэма, написанная в 1935-1940 годах. Первые наброски относятся к 1934 году. Сначала поэтесса планировала создать лирический цикл, который через некоторое время был переименован в поэму. Наиболее плодотворно она работала над ней в 1938–1940 годах. Именно 1940-м годом датирован эпилог – последняя часть поэмы. Анна Ахматова сжигала рукописи «Реквиема» после того, как прочитывала людям, которым доверяла. Поэма существовала лишь в памяти самых близких лиц, заучивавших строфы из нее наизусть. В 1960-е годы «Реквием» начал распространяться в самиздате. В 1963 году один из списков поэмы попал за границу, где впервые был опубликован полностью.

В литературном цикле "Реквием" отражены чувства, которые пережила Анна Ахматова. События, описанные в "Реквиеме", относятся к 1930-м годам, в них звучат боль и горе, пережитые самой поэтессой. Биографы поэтессы, считают, что стихотворения объединены одной идеей – протестом против насилия. В "Реквиеме" отразились не только чувства и переживания самого автора, чувства оторванных от своих близких и

заключенных в тюремные камеры, но и боль жен и матерей, которых видела А.Ахматова в страшных тюремных очередях. Недаром поэма начинается так:

Нет, и не под чуждым небосводом,  
И не под защитой чуждых крыл –  
Я была тогда с моим народом,  
Там, где мой народ, к несчастью, был.  
Таков был окончательный выбор поэтессы.

Семнадцать месяцев кричу,  
Зову тебя домой,  
Кидалась в ноги палачу,  
Ты сын и ужас мой.  
Все перепуталось навек,  
И мне не разобрать  
Теперь, кто зверь, кто человек,  
И долго ль казни ждать.  
И только пыльные цветы,  
И звон кадилыный, и следы  
Куда-то в никуда.  
И прямо мне в глаза глядит  
И скорой гибелью грозит  
Огромная звезда. 1939

**Ильяс ИСКАКОВ,**  
студент факультета истории,  
археологии и этнологии

## ҚазҰУ студенті оқуға міндетті 100 әдеби шығарманың тізімі



1. Мұхтар Әуезов «Абай жолы»
2. Абай «Қара сөздері»
3. Абай Шығармалар жинағы
4. Л.М. Толстой «Война и мир»
5. Илия Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық»
7. Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдері мен шығармалары
8. Ж. Баласағұни «Құтты білік»
9. Олжас Сүлейменов «Аз и Я»
10. Илияс Жансүгіров, «Құлагер» поэмасы
11. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя»
12. Мағжан Жұмабаев Таңдамалы шығармалары
13. Шекспир «Ромео и Джульетта»
14. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы
15. Ш. Айтматов «Ақ кеме»
16. Ә. Нұрпейсов «Қан мен тер»
17. Қорқыт ата «Қорқыттың нақыл сөздері»
18. И.С. Тургенев «Отцы и дети»
19. Ф.М.Достоевский «Преступление и наказание»
20. М.А. Булгаков «Мастер и Маргарита»
21. Ғабит Мүсірепов «Ұлпан»
22. Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі»
23. Міржақып Дулатұлы «Бақытсыз Жамал» романы
24. Н.В. Гоголь «Ревизор»
25. Мұқағали Мақатаев Таңдамалы шығармалары
26. Қ. А. Яссауи «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы)
27. Бұқар жырау Бұқар жырау шығармалары.
28. Жамбыл Жабаев Өлеңдері мен дастандары
29. М.А. Шолохов «Тихий Дон»
30. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы
31. Султанмахмұт Торайғыров Таңдамалы шығармалары
32. Мұхтар Шаханов «Өркениеттің адасуы»
33. Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат»
34. А.С. Грибоедов «Горе от ума»
35. М. Дулатов «Оян, қазақ!»
36. Махамбет Өтемісұлы «Таңдамалы шығармалары»
37. Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі»
38. Эрнст Хемингуэй «Старик и море»
39. Әбдіжәміл Нұрпейсов «Қан мен тер» романы
40. А.Ахматова «Избранные стихотворения»
41. С.Есенин «Избранное», «Анна Снегина»
42. Асан қайғының шығармалары. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы.
43. Ғабиден Мұстафин «Дауылдан кейін»
44. Гете «Фауст»
45. Дефо «Робинзон Крузо»
46. Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен Аңыз»
47. Ш. Мұртаза «Қызыл жебе» 5-том
48. Гомер «Одиссея», «Илиада»
49. Б.Л. Пастернак «Доктор Живаго»
50. Мұхтар Әуезов «Философия жайынан»
51. Сервантес «Дон Кихот»
52. М.Цветаева «Избранные стихотворения»
53. Қасым Аманжолов Таңдамалы шығармалары
54. Мұхтар Мағауин «Аласапыран»
55. Фариза Оңғарсынова Таңдамалы шығармалары
56. Т. Драйзер «Американская трагедия»
57. Тұманбай Молдағалиев Таңдамалы шығармалары
58. Конфуций «Лунь Юй»
59. Дулат Бабатайұлы «Өсиетнама» жинағы
60. Қабдеш Жұмаділов «Тағдыр»
61. Хемингуэй «Прощай, оружие»
62. М.Ю.Лермонтов «Избранные стихотворения»
63. Әнуар Әлімжанов «Махамбеттің жебесі»
64. А.С. Пушкин «Борис Годунов»
65. В. И. Шукшин «Калина красная»
66. Ақтамберді XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы
67. А. П. Чехов «Чайка»
68. А. И. Островский «Бесприданница»
69. Сапарғали Бегалин «Шоқан асулары»
70. Иса Байзақов «Құралай сұлу»
71. Стендаль «Красное и черное»
72. Б.Ахмадулина «Избранные стихотворения»
73. Әбіш Кекілбаев «Үркер»
74. Ж. Молдағалиев «Жүректегі жазулар»
75. З. Қабдолов «Менің Әуезовім» роман
76. Дулат Исабеков «Тіршілік» повесі
77. Булат Окуджава «Избранные произведения. В двух томах»
78. Әзілхан Нұршайықов «Махабат қызық мол жылдар» романы
79. Тахауи Ахтанов «Шырағың сөнбесін»
80. Сәкен Жүнісов «Ақан сері» диалогия
81. Бердібек Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді»
82. А.П. Чехов Рассказы.
83. Софы Сматаяев «Елім-ай» трилогия
84. Оскар Уальд «Портрет Дориана Грея»
85. Хамит Ерғалиев «Құрманғазы»
86. Ф.И. Тютчев «На что вы, дни...»
87. Е.Евтушенко «Стихотворения»
88. И.А. Гончаров «Обломов»
89. Аристотель «Саясат»
90. О. Бөкеев «Атау кере»
91. Ә. Тәжібаев «Монологтар»
92. Саттар Ерубаев «Менің құрдастарым»
93. Зейтін Ақышев «Жаяу Мұса» романы
94. Томас Мор, «Утопия»
95. Р. Рождественский «Избранные произведения»
96. А.Шопенгауэр «Мир как воля и представление»
97. Джек Лондон «Белый клык»
98. Сәкен Жүнісов «Аманай мен заманай» романы
99. Төлеген Айбергенов өлеңдері
100. Бексұлтан Нұржекеев «Бір өкініш бір үміт»

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

ҚазҰУ-дың бірінші курс студенттері

ҚР мемлекеттік Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайына барып қайтты



**Шерхан Талап** – 1993 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылына қарасты кіші Айдархан елді-мекенінде дүниеге келген. Жаңақала жалпы білім беретін орта мектебін бітірген.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің III курс студенті. Бірқатар республикалық, қалалық, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы. Бүгінгі таңда Massaget.kz сайтында контент-менеджер болып қызмет етеді.

**ҚЫЛЫШ  
(ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫНА)**

*Түсімде ылғи қылыш көремін  
қынапсыз...*

Байыз таппаса кеудемде сайрап  
Байғыз үн,  
Қаңғырып кетем қаймықпай қуып  
қайғы ізін.  
Қынапсыз қылыш түсімде маза  
бермейді,  
Қасірет қаны қуалай тамған ай жүзін.

Айлы түндерде ала берсе де мазаны,  
Қылыштай өткір шертілді ойдың  
ғазалы.  
Қайыспай қылыш ұстағандардың о  
баста,  
Кереғар өмір – қылыштан болған  
ажалы.

Алмас қылыштың жатпасын біліп  
қынында,  
Жасқанбай жауға сермелген еді  
бұрында.  
Ханға да қарсы қайрат көрсеткен  
қылыштың,  
Арманы жатыр Нарынның анау  
құмында.

- Жамау да жамау жамылып жылдар  
көрпесін,  
Кең дала аңсар ойнақ салатын еркесін.  
Қайқы қылышым, қазаққа қайта орал да,  
Қорқау қоғамның үзіп жіберші желкесін!

Жағымпаз жұрттың жәдігөйлігінен  
жерінді Ар,  
Ертеңге деген үміт – өлімші, сенім – дал...  
"Сары бала мен қара қазанның қамы  
үшін",  
Мойныңда әлі ала алмай кеткен кегің бар.

Нақыл – мұрасын адыра қылған  
Абыздың,  
Ғұрыпсыз ұрпақ ертегі санар аңыз мың.  
Теперіш көрген момыннан тамшы жас  
тамса,  
Оты күшті ердің қанын да судай ағыздың.

Өткір де өткір өкініші ауыр өткен күн,  
Өзегіне елдің өксігі болып кептелдің.

Ағысы сынды айбын көрсетіп Жайықтың,  
Намысы болып сілтенген едің текті елдің.

Жамау да жамау жамылып жылдар  
көрпесін,  
Кең дала аңсар ойнақ салатын еркесін.  
Қайқы қылышым, қазаққа қайта орал да,  
Қорқау қоғамның үзіп жіберші желкесін!

\*\*\*  
**Тарих, сені оқымаймын мен енді,  
Жеріңді.  
Есенғали Раушанов**

Қарт тарихтың қатпар-қатпар бетінде,  
Көңбіс қазақ көрген азап көп қанша.  
Бұл тарихтан нені оқиын лепірме,  
Ақиқаты жоқ болса.

Өткенді айтсаң өксіп алар көп кісі,  
Ол да талай айтылатын анық дау.  
Орыстардың жетпіс жылғы тепкісі,  
Жанымызды ауыртты-ау.

Сол баяғы күңкілі көп қазақпыз,  
Өртке тастар өсек бағып оттайды ел.  
Бүгін, міне, егеменбіз, азатпыз,  
Ал, жоғыңды жоқтай бер.

Ұрпақ үшін жеті атасын білем дер,  
Шежіренді қара тасқа қашасын.  
Ру біткен өз бабасын түгендер,  
Тарихымыз жасасын!

Түбі өкінер түп тамырын сатқандар,  
Опасызға оңай болмас тағдыр тым.  
Махамбетті қызылбас деп жатқан бар,  
Солай шығар ал мүмкін...

Өктем сөйлер өршілдігі өлеңде,  
Топыраққа тарта туар шын дарын.  
Өз баласын жат елдікі дегенге,  
Қалай төзер құм Нарын.

Намыс туын қайта тіктеп құлаған,  
"Ағатайлап" бастаса да жорықты.  
Махамбетті Керей дейді бір ағам,  
Қазақ болса болыпты.

Хас батырдың қасіретті жасымен,  
Бәске түскен уақыттан да өтерміз.  
Тірісінде ойнап едік басымен,  
Уай, өлгесін не етеміз?

**АҚЫН-ҒҰМЫР  
(МҰҚАТАЙ ЖЫЛҚАЙДАРУЛЫНА)**

Ақ таңнан алса мазаны дүбір,  
Арманға бастар асыл мұң.  
Ақындық тағдыр, азалы ғұмыр –  
Ғазалы ғазиз ғасырдың!

Күрсінсе жаны түнекке ұйып,  
Өлеңі өрге тарта алар.  
Әлемнің мұңын жүрекке жиып,  
Жаһанның жүгін арқалар.

Сермейді талмай қанатын кеңге,  
Жесе де жаны кіл опық.  
Қайғырар қамсыз қара түндерде,  
Жалғыздығына жыр оқып.

Жүрегін қайғы жеуде шын келіп,  
Тағдырға қалай төзесің?!  
Көтерер солай кеудесін керіп,  
Көз жасы толған көзесін.

Заманның зәрлі зарымен бастап,  
Жыр оқыр...мұңын жас шайып...  
"Адамша ойлап арымен асқақ,  
Құдайша сөйлер қасқайып!"

Жанына жырды емге іздер жанша,  
Құныға түсер мұңды адам.  
Келмеске кеткен кербездер қанша,  
Кеңсайды керек қылмаған.

Қашқандай жаннан едәуір маза,  
Болашақ үшін бекін бір.  
Ақындар үшін ең ауыр жаза,  
Жоқтаусыз қалса жетім жыр!

\*\*\*  
"Алыстан – тым шалғайдан қыздың  
сыңсыға салған әні келеді  
құлаққа..."  
Оралхан Бөкей "Қар қызынан"

Алматым ластаса да таза жанын,  
Бүгін-ақ мөлдір жырды жаза аламын.  
Сыр қылып суық желі естіртеді,  
Бір қыздың алыстағы азалы әнін.

Шіркіннің шымырлатар әні мұңды,  
Жылатып қояр екен тағы кімді?!  
Елігіп, еліктіріп, еміндіріп,  
Тауысты сарқылмастай сабырымды.

Азапқа салып қойса ақпан қайғы,  
Көңілім көктем келмей шаттанбайды.  
Алыстан сыңси салған тәтті ән жайлы,  
Бір ғұмыр жырласам да жақ талмайды.

Сол бір ән... шақырғандай Қар қыз күліп,  
(Желіккен қайран көңіл, сан қызды ұмып.)  
Мені аңсап қалқатайым ән салды ма?  
Жайықтың жағасында жалғыз жүріп.

Ұстамай біреуінен жүз білектің,  
Пандығын таныпқанда Күзгі лептің.  
Төлеген – сағынышын аңсай ма екен?  
Ақмандай сіңілісі Қыз Жібектің.

Апыр-ай, бар азапты шексем бе екен?  
Әлқисса, аңсарыма жетсем жетем.  
Сызылған сол бір әнді бағытқа алып,  
Жайыққа жаяу тартып кетсем бе екен?

**ПЕРІ ҚЫЗ  
(АСАН ҚАЙҒЫ АҢЫЗЫНЫҢ ІЗІМЕН)**

Пері қызын іздеп шықтым жолға мен,  
Сеңгір-сеңгір таулар асып сорлап ем.



Қуат ЖІГЕРДІҢ фотожурналы

Желмаяға мініп алып жер шалдым,  
Ілбіп басып келе жатыр ол да әрең.

Апырма-ай, қай бағыттан табамын?  
Қармағымды қай өзенге саламын?  
"Су сұлтаны Пері қызы нәсіп" – деп,  
Қатырды ма әлгі балгер – қарағым?

Төрт өзенге кезек барып төнгелі,  
Үмітімнің бір сәулесі сөнбеді:  
Еділге кеп еңкілдедім елдегі,  
Сырға келіп сыр ақтардым сенбеді.

Ақ Жайық та іңкәрлікті меңдегі,  
Сорға айналған жағасына жерледі.  
Ең ақыры Ертіске де өрдегі,  
Барып едім ештеңе де өнбеді.

Қармағымды қаппаған қыз, қайдасың?  
Арманымды таптаған қыз, қайдасың?  
Пері қыз ғой перілігін танытып,  
Әлде менен асырды ма айласың?

Жасыл-жасыл жаның – көктем, тәнің –  
нұр.  
Қайткен күнде жетем саған бәрібір.  
Табанымнан таусылдырмай жолдан шық,  
Көп ішінен өз бағыңды танығыр.

"Тек тілі жоқ, сымбатында еш мін жоқ"  
Ех, Пері қыз көңілімде көштің көп.  
Асан құсап қасіретпен қан жұтып,

Біздің сезім бітіп қалмас бес күн боп.

Сағыныштан сартап болған мың өлең,  
Менің ішкі әлемімде түлеген.  
Жүректегі жыр дәптерден жатқа оқып,  
...Мылқау қызға тіл бітіріп жіберем.

Табылғасын қосағымыз, теңіміз,  
Бақытты боп күн кешеміз тегі біз.  
Содан кейін, содан кейін, сосын ба?  
...Періштеге айналады Пері қыз!!!

**ЕРТЕҢ...**

Жолықтырды бұл өмір бекер бізді.  
Енді күліп қарсы алам өтер күзді.  
Өкініштен өзегің өртенеді-ау,  
Мен қолтықтып баратсам бөтен қызды.  
Ертең...

Жанарымнан үздігіп жас тамады.  
Аяулым-ай, арманым асқаралы.  
Жастығыңды құшақтап жылайсың-ау,  
Мен құшақтап тұрғанда басқа жанды.  
Ертең...

Қажеті жоқ қымсынып, жасқанудың!  
Жанарымды жазықсыз жасқа жудым.  
Ерініңді тістелеп қаласың-ау,  
Мен ернінен сүйгенде басқа арудың.  
Ертең...

Адастым ба, айналам тас қараңғы...  
Шырқамаймын сен үшін асқақ әнді.  
Қызғаныштан өртене жаздайсың-ау,  
Мен аймалап жатқанда басқа жанды.  
Ертең...

\*\*\*  
Жалған үмітке сеніп кей,  
Қашанғы шыдар құр сұлде.  
Жәудіркөз ару елікте,  
Жатырқап әлі жүрсің бе?

Керімсал мінез, керім Сен,  
Тәуекелім ең бекінсем.  
Кермаралдайын керілсең,  
Көктемге сіңіп кетуші ем.

Жанымды өртеп, шарпып от,  
Шері боп тұндым ғасырдың.  
Тәкәппарлығыңа тәнті боп,  
Менмендігіңе бас ұрдым.

Тірі жан ұқпас мұң ба едің?  
Жетпейтін қолым биікте ең.  
Асқақтығыңмен күңды едің,  
Сен соныңменен сүйікті ең!

Сезімнен мөлдір шық тамып,  
Пандана керші қасыңды.  
Сұлулығыңа сұқтанып,  
Алайын сығып жасымды.

Кедейге біткен байлығым,  
Бұралып өскен бұласың.  
Қасиетін ұғып қайғының,  
Жыласа жаным жыласың.

Тербейді талмай күйші үміт:  
"Тек мені қалқам күтердей"  
Жүрейн сырттай сүйсініп,  
Қол жетсе – қиял бітердей.

Жақындамай-ақ жаныңа,  
Ең ұлы жырды жазамын!  
Қинашы мені тағы да,  
Таусылмас тәтті азабым...

## ҚАЗҰУ-ДА «ШАЛ» ФИЛЬМІ КӨРСЕТИЛДІ

Философиялық ойға бай «Шал» фильмін жастарға көрсетуді құп көрген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия кафедрасы «Отандық кино күні» жобасы аясында фильмді тамашалауға шақырды. Көркем туындыны ҚазҰУ ұстаздары мен студенттері бірге тамашалады.

Шараны ұйымдастырушылардың бірі ф.ғ.к., философия кафедрасының доценті, белгілі кино сыншы Олег Борецкий «Шал» фильмді жайлы өз ойымен бөлісті. Ал алғашқылардың бірі болып сөз алған фильм режиссері Ермек Тұрсынов: ««Шал» фильмін ататы жазушы Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесінің желісі бойынша түсірдік. Бірақ біз бұл шығарманы толық қайталағанымыз жоқ. Қайта біз осы шығарманың желісі арқылы, қазақы түсінікке сай, терең ой мен тың идеяларды қолдана отырып, адам баласының әжеттілігін, жігері мен табандылығын, қайсарлығы мен төзімділігін көрсеткіміз келді. Және бұл арман кино арқылы жүзеге асты да. Нәтижесі жақсы. Ең бастысы, көрермендеріміздің ықылас-сүйіспеншілігіне, оң бағасына ие болдық. Біз үшін бұдан артық баға жоқ», - деді.



Киноның бас кейпкері Ерболат Тоғызақов та ҚазҰУ-дағы бұл шараға арнайы келіпті. Бізге берген сұхбатында Е. Тоғызақов: «Еліміздегі киноның даму деңгейі қуантады. Әрбір жарық көрген



фильмнің өз айтары бар, сыры мен ойы жетерлік. Енді соны тамашалап, жақсы қасиеттерін бойға сіңіру көрермен талғамындағы күзиреттілік. Біздің фильм бүгін ҚазҰУ студенттеріне ұнап жатыр. Менің қасыма келіп, еңбегімізге жеміс тілеп жатқандары көп. Мені ҚазҰУ ерекше шаттыққа бөледі. Студенттері білімді, білімпаз екен», - деп жылы шырайымен, өз әсерімен бөлісті. Шараның басы-қасында жүрген философия кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Гүлжихан Нұрышева: «Бұл кино адамды үлкен терең ойларға жетелейтін, философиялық мәні, мағынасы бар фильм. Мұндай шаралар болашақта да өз жалғасын табады», - деген жоспарларымен де бөлісті.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,  
Қуат ЖІГЕР (фото)

## МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Бүгінде ҚазҰУ-да жүрегі жылуға толы, мейірімді студенттер қатары күн санап артып келеді. Университеттегі «Көмек» еріктілер қозғалысының аяулы жандары сол жастардың ортасында. Қазан айының 28-і күні тарих, археология және этнология факультетінің белсенді еріктілерінің ұйымдастыруымен «Мейірім шуағы» атты қайырымдылық кеші өтті.

Бұл концерт 10 жастағы балалардың церебральді ауруымен ауыратын Кеңес Аружанға қаржылай көмек көрсетуді мақсат етті. «Көмек» еріктілері тарих факультеті аясында тәтті тоқаштар мен кітаптар жәрмеңкесін өткізіп, жиналған қаржыны Аружанның ем қабылдауына көмек ретінде берді. Сонымен қоса концерттік бағдарламаға Аружанның отбасы мен анасы шақырылды. Мұғалімдер қауымы да бұл қайырымдылық шарадан шет қалмады. Олардың қатарында тарих, археология және этнология факультетінің доценті Қозыбақова Фатима Ақынбайқызы бар. «Көмектің» еріктілері концерт барысында сазды әуен мен мың бұралған бишілермен, күмбірлеген қара домбыраның үнімен көрермендердің көңілін көтерді.

Факультеттің «СКИФ» КВН командасы да әдемі әзілдерімен кішкентай Аружан мен келген қонақтарды қуантты. Туылғалы осы дертке шалдыққан Аружанның концерт барысында жүзінен күлкі кетпеді. Сәби жүрек айналасындағы студенттердің жылулығы мен қамқорлығына риза болғандай. Аружанның анасы да кеш соңында көпшілікке шын жүректен алғыс білдірді.

Еріктілердің мұндай бастамасы қара шаңырағымызда әлі де өз жалғасын таппақ. «Көмек» еріктілер ұжымының болашақта биік шыңдардан көрінуіне тілектеспіз!

Балжан АБЫЛҚАСЫМҚЫЗ, биология және биотехнология факультетінің 4 курс студенті

## ҚАЗҰУ – БОЛАШАҚТЫҢ УНИВЕРСИТЕТІ

25 қазанда философия және саясаттану факультетінде «Нұр» дінтанушылар клубының ұйымдастыруымен «ҚазҰУ – болашақтың университеті» атты дөңгелек үстел өтті. Жиынға оқытушылар, бакалавриат және магистратура студенттері, сондай-ақ Шет тілдер және іскерлік карьера университетінен келген қонақтар қатысты.

Дөңгелек үстел тізгінін «Нұр» дінтанушылар клубының төрағасы Бағдат Бейсенов ұстады. Дінтану және мәдениеттану кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Ә. Өмірбекова, кафедра оқытушылары Қ. Борбасова, С. Абжалов ҚазҰУ-дың кешегісі мен бүгінгісіне, жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті. Өз кезегінде студенттер де жиынға белсене қатысып, ҚазҰУ тарихына, Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі алатын жетекші орнына, Халықаралық университеттер рейтингісінде қатысты баяндамалар оқыды және өзара пікір алмасты. Сондай-ақ ҚазҰУ-дағы жас мамандық – дінтану мамандығының келешегі кеңінен сөз болды. ҚазҰУ тәуелсіз Қазақстанның дінтанушы студенттерді өз мамандықтарына шыңдауда факультетіміздегі «Нұр» дінтанушылар клубының алатын орны да ерекше. Өйткені студенттер клуб арқылы дін ғылымына қатысты ой-пікірлерін жетілдіріп, дінтанулық зерттеулер жүргізуге дайындалады. Сонымен қатар қоғамдағы дін мәселелерін зайырлы тұрғыдан қарастыра отырып, сараптамалар жасайды.

Университеттің 80 жылдығы қарсаңында өткен дөңгелек үстелдің тәрбиелік мән-маңызы ерекше болды. Өйткені біздер, студенттер талай-талай марқасқаларды өсіріп шығарған қара шаңырағымыздың тарихына қатысты тың деректермен таныстық. Біз білікті мамандар ордасы, еліміздің жоғары білім беру жүйесінің тірегі – ҚазҰУ-да оқитынымызды әрдайым мақтан тұтамыз.

Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ, дінтану мамандығының 3 курс студенті, «Нұр» дінтанушылар клубының мүшесі

## АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!

Әр студенттің білім әлеміне жолы – кітапханадан басталады және өмір бойы кітаппен бірге жалғасады, студент кітапханада өмірге жолдама алады. Университетіміздің басшылары Ғылыми кітапхана жұмысына қолдау жасап Ғылыми кітапхана басшылары, кітапхана қызметкерлері, кітапхана ұжымы университет студенттерінің арқасында Ғылыми кітапхананың заманауи жаңа ғимаратына көшіп, үлкен жұмыстар атқарылды. Бұл дегеніміз барлық кітап қорын қаттап, жаңа ғимаратқа жүйе бойынша өз орынына қойып, орналастырып жатқаны. Осы заманауи үлгідегі әдемі ғимаратымызда білікті, жоғары білімді қызметкерлер жұмыс атқарады. Жаңа ғимаратымызда кітаптарымызды орын-орнына қоюға, техникаларымызды көтеруге әскери дайындық кафедрасының кафедра меңгерушілері мен кафедра қызметкерлерінің көмегі шексіз болды. Әскери кафедра меңгерушісі Ернарзат Ишанов, әскери кафедра басшысының орынбасары-оқу бөлімінің басшысы Қайрат Машекенов ұйымшылдық байқатып, ұжымдық мәдениетті танытты. Сонымен қатар кітапханамыздың өркендеуіне, игі істер жүргізуіне, әр түрлі іс-шара жүргізгенде көмек көрсеткен биология және биотехнология, физика-техникалық, математика-механика факультеттерінің, сондай-ақ экономика және бизнес жоғары мектебінің басшыларына ризашылығымызды білдіреміз.

Ш.А.БИГАЛИЕВА,

Ғылыми кітапхананың ғылыми инновациялық және әдістемелік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі

## МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жас Отан» жастар қанаты және Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастардың республикалық патриоттық фестивалін өткізеді.

Фестивальдің мақсаты – студент жастардың Қазақстанның болашағына деген азаматтық жауапкершілігін көтеру және патриоттық сезімін арттыру.

### ФЕСТИВАЛЬ ТӨМЕНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДАН ТУРАДЫ:

- студенттік инновациялық әлеуметтік маңызы бар жобалар байқауы;
- «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауы;
- «Мен жастарға сенемін!» атты студенттік азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық шығармалар байқауы.

### БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ

1. Студенттік инновациялық жобалар байқауына мемлекеттің, аймақтың немесе жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, экологиялық және т.б. дамуына үлес қосуға, өзекті әлеуметтік-маңызды мәселелерді шешуге бағытталған жобалар қабылданады.
2. «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауына автордың Отанға деген белсенді азаматтық ұстанымын танытатын прозалық шығармалар қабылданады.
3. «Мен жастарға сенемін!» атты студенттік азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық шығармалар байқауына жастарға әлеуметтік маңызды топ ретінде, олардың мемлекеттің дамуындағы, рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайтудағы орны мен рөліне арналған авторлық өлеңдер қабылданады.

Фестиваль қорытындысы бойынша жүлдегерлер мен лауреаттар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Байқаудың үздік материалдары арнайы студенттік жұмыстар жинағында жарияланады. Байқаулар жеңімпаздары өз жұмыстарын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында 2013 жылғы 29 қарашада өтетін фестивальдің қорытынды гала-форумына ұсынуға мүмкіндік алады.

### Тапсырыстар мен байқау материалдары мына мекенжайға қабылданады:

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Мен жастарға сенемін!» байқауына белгісімен. Байланыс: тел. - 8 (727) 377 3315; 87756121545, 87023563113, e-mail - zhastar@kaznu.kz.

Фестиваль туралы ережемен толығырақ <http://kaznu.kz> сайтында танысуға болады.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 11 159

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.